

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы есепті бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 мамырдағы N 391 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы есепті бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы есепті бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 130-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2006 жылғы 1 тамызға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы есеп пен аудитті жүргізу нәтижелері туралы ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланылуын және ақпарат ретінде Парламентке ұсынылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6                      ж ы л ғ ы

N                      Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы есеп Астана - 2006 жыл**

## Мазмұны

1-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы 2005 жылғы есеп

2-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2005 жылғы есеп

3-бөлім. 2005 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын Басқару жөніндегі өзге де деректер

### 1-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы 2005 жылғы есеп

мың теңге

P/c N	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы	Сомасы
1.	Қордың есепті кезеңнің басындағы қаражаты	667 022 245*
2.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына түсімдер: шикізат секторы ұйымдарынан олардың жылдық көлемдерінен республикалық бюджетке түсетін нақты түсімдерден асуы ретінде айқындалатын республикалық бюджеттің ресми трансферттері: заңды тұлғаларға салынатын корпоративтік табыс салығы; қосылған құн салығы; үстеме пайдаға салынатын салық; бонустар; роялтилер; жасалған келісім-шарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі;	413 713 744
	шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін республикалық бюджетте жоспарланған түсімдер сомасының он пайызы мөлшерінде есептелетін республикалық бюджеттің ресми трансферттері;	262 772 565
	республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен түсімдер есебінен айқындалатын республикалық бюджеттің ресми трансферттері;	67 491 450
	ауыл шаруашылығына арналған жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер есебінен айқындалатын жергілікті бюджеттің ресми трансферттері;	13 371 400
	Қорды басқарудан түскен инвестициялық кірістер;	13 657 725
	Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер.	9 793 000
3.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының пайдаланылуы: республикалық бюджет шығындарын өтеу; мақсатты трансферттер	724 981
	Қорды басқару мен жыл сайынғы аудитті өткізуге байланысты шығыстарды жабу	724 981

**Е с к е р т у :**

\* 2005 жылдың басындағы және соңындағы сальдо Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есептелген және кейінге қалдырылған шығыстарының сомаларын (жыл басында 480 894 мың теңге және жыл соңында 1088710 мың теңге мөлшерінде) және айырма мен сыртқы аудитор "Эрнст Янг" ЖШС жасаған еткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасы - 50 326 мың теңге есепке алынбай көрсетілген. Жыл басындағы сальдоға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына өтелуге жататын, сенімгерлік басқару бойынша операциялық шығыстар болып табылатын 376 мың теңге кіреді. Осы ауытқулар есептеу әдісімен және кассалық әдіспен шығыстар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырған кезде туындайтын айырмамен түсіндіріледі.

**2-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы есеп**

1-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгерімі**  
мың теңге

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгерімі	2005 жыл	2004 жыл
<b>А к т и в т е р</b>		
Ақша және оның баламалары	29 180 345	24 927 708
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары	1 052 050 955	654 915 582
Туынды қаржы құралдары	2 164 939	1 810 557
Дебиторлық берешек	336 573	111 505
<b>Активтер, барлығы</b>	<b>1 083 732 812</b>	<b>681 765 352</b>
<b>М і н д е т т е м е л е р</b>		
Туынды қаржы құралдары	1 421 811	6 098 200
Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	3 389 130	9 126 228
<b>Міндеттемелер, барлығы</b>	<b>4 810 941</b>	<b>15 224 428</b>
Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотына енгізілген таза активтер	1 078 922 247	666 540 924
<b>Таза активтер</b>	<b>1 078 922 247</b>	<b>666 540 924</b>

2-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін  
сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің кірістері мен шығыстары туралы есеп**

МҰҢ ТЕҢГЕ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару жөніндегі кірістер мен шығыстар	2005 жыл	2004 жыл
Кірістер		
Сыйақы түріндегі кірістер		
Дивидендтер түріндегі кірістер	20 778 979	13 635 040
Форвардтық валюталық келісім-шарттарды қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан түсетін кіріс	3 376 704	2 473 724
Туынды қаржы құралдарынан түсетін таза кірістер (шығындар)	28 082 011	16 392 410
Шетел валюталарынан қайта түсетін таза кірістер (шығындар)	25 242 816	(12 028 399)
Кірістер, барлығы	(51 898 589)	22 055 841
Шығыстар		
Активтерді басқарғаны үшін комиссия		
Кастодиандық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар	1 206 880	556 808
Кәсіби қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар	9 4 2 9 2	1 0 1 4 1 8
Бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық дерекқорды пайдаланғаны үшін ақы төлеу бойынша шығыстар	13 000	12 595
	18 249	18 638
Шығыстар, барлығы	1 332 421	689 459
Таза кіріс	24 249 500	41 839 157

3-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін  
сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің ақша қозғалысы туралы есептер**

МҰҢ ТЕҢГЕ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақша қозғалысы	2005 жыл	2004 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша қозғалысы		
Таза кіріс		
Түзетулер:		
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн (бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан болатын шығын/(кіріс))	24 249 500	41 839 157
	7 239 941	(34 824 747)
(Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен болатын ақша қозғалысы)	31 489 441	7 014 410
Операциялық активтердің азаюы (ұлғаюы): туынды қаржы құралдарынан басқа,	(390 597 288)	155 911 481

пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары	(1 924 406)	156 121
туынды қаржы құралдары	2 2 5 0 6 9	1 5 8 3 1 1 2
дебиторлық берешек	1 989 157	(1 760 914)
Операциялық міндеттемелердегі ұлғаю (азаю):	(5 737 098)	5 258 170
туынды қаржы құралдары		
кредиторлық берешек және есептелген шығыстар		
Операциялық қызметте ақшаны таза пайдалану	(365 005 639)	(154 176 922)
Қаржылық қызметтен болатын ақша қозғалысы		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсетін түсімдер	3 69 258 276	152 839 430
Ақшадағы және оның баламаларындағы таза ұлғаю (азаю)	4 252 637	(1 337 492)
Жыл басындағы ақша және оның баламалары	24 927 708	26 265 200
Жыл соңындағы ақша және оның баламалары	29 180 345	24 927 708

#### 4-нысан

### Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза активтеріндегі өзгерістер туралы есептер

мың теңге

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі өзгерістер	Сомасы
2004 жылғы 1 қаңтардағы сальдо	527 917 412
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	1 5 2 8 3 9 4 3 0
Таза кіріс	41 839 157
Валютаны қайта бағалаудың активтердің бастапқы сальдосына әсері	(5 2 0 5 2 3 2 0)
Валютаны қайта бағалаудың таза кіріске әсері	(4 002 755)
2004 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	666 540 924*
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	3 6 9 2 5 8 2 7 6
Таза кіріс	24 249 500
Валютаны қайта бағалаудың активтердің бастапқы сальдосына әсері	1 9 3 2 9 6 8 7
Валютаны қайта бағалаудың таза кіріске әсері	(456 140)
2005 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	1 078 922 247

### 3-бөлім. 2005 жылғы Қазақстан Республикасының

#### Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректер

#### 1. Қазақстан

#### Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру көздері

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Қор) қаражаты 2005 жылғы 1 қаңтарға 667022245 мың теңгені құрады (666 540 924 мың теңге - есептеу әдісімен),

2005 жылдың соңына 1 080 011 008 мың теңгені құрады (1 078 922 247 мың теңге - е с е п т е у ә д і с і м е н ) .

2005 жылы Қорға түскен түсімдердің едәуір үлесі шикізат секторы ұйымдарынан олардың жылдық көлемінен республикалық бюджетке түсетін іс жүзіндегі түсімдерден асып түсу ретінде айқындалатын республикалық бюджеттің ресми трансферттері - 343635415 мың теңге, шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін түсімдердің жоспарланған сомасының он пайызы мөлшерінде есептелетін республикалық бюджеттің ресми трансферттері - 13657725 мың теңге, республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен түсімдер есебінен айқындалатын республикалық бюджеттің ресми трансферттері - 9 793 000 мың теңге, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер есебінен айқындалатын жергілікті бюджеттің ресми трансферттері - 2 172 136 мың теңге есебінен қалыптасты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 369А қаулысымен бекітілген Жоспардан тыс салықтық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке алынатын шикізат секторы ұйымдарының тізбелеріне "ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз" АҚ, "Торғай Петролеум" АҚ, "Теңізшевройл" ЖШС-ын тізбеге енгізу бөлігінде т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л д і .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қордың шотына шетел валютасында есептелген түсетін теңгені АҚШ долларына айырбастауды кезең-кезеңмен жүргізіп о т ы р д ы .

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлданды, онда теңдестірілген бюджет әдісі бөліп көрсетіледі. Осы әдіске сәйкес Ұлттық қордан бюджетке қаражаттың түсуі кепілдік берілген трансферттер арқылы жүзеге асырылатын болады.

Сондай-ақ Тұжырымдамада Қорды пайдаланудың мақсаты мен бағыты айқындалды, қор жинау шегі (немесе оның болмауы) және активтерді таратудың мүмкін болатын салдарлары көрсетілді, айқындылығы атап көрсетілді, борышқа қызмет көрсету және қарыз алу саясаты айқындалды, бюджеттік даму бағдарламаларына жұмсалатын шығындарды Қордың кепілдік берілетін трансферттеріне неғұрлым дәл байланысы және теңдестірілген бюджет әдісінің сипаттамасы белгіленді.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк Басқармасының 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысына сәйкес»"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысына өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у е н г і з і л д і .

Ұлттық қордың мақсаттары мен міндеттерін халық арасында түсіндіру жөнінде жүйелі түрде жұмыс жүргізу шеңберінде мынадай іс-шаралар жүргізілді:

"Эксперт-Казахстан" журналында»"Қаражат бойынша өмір сүру"» атты тақырыпта Қаржы министрінің сұхбаты жарияланды, онда Ұлттық қордың қаражатын жинақтау мен оны пайдаланудың жаңа тұжырымдамасы жария етілді;

Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры" атты тақырыпта семинар өткізілді;

Парламенттегі үкімет сағатында Ұлттық қордың жаңа тұжырымдамасына қатысты Қаржы министрінің сөйлеген сөзі туралы ақпарат "Хабар", "КТК", "31-арна", "Қазақстан", "Астана ТВ", "Эра ТВ" телеарналарында көрсетілді, сондай-ақ "Известия Казахстан", "Казахстанская правда" және "Экспресс-К" газеттерінде жарияланды;

"Хабар" телеарнасының "Бетпе-бет" бағдарламасында "Ұлттық қордың қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың тұжырымдамасы" атты тақырыпта әңгіме жүргізілді;

Алматы қаласында өткен "Жоғары экономикалық өсу кезеңінде қаржылық тұрақтылықты сақтау" атты халықаралық конференцияда "Ұлттық қордың қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың тетігі үлгісінде Қазақстанның мұнайға жоғары баға жағдайында шамадан тыс бюджет кірістерімен жұмыс тәжірибесі" деген тақырыпта сөз сөйленді.

Бұдан басқа, Қордың қызметі туралы қажетті ақпарат, Қордың қызметін реттейтін есептер, нормативтік құқықтық актілер Қаржы министрлігінің web-сайтына ([www.minfin.kz](http://www.minfin.kz)) орналастырылды.

### **Шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке 2005 жылғы түскен түсімдер**

мың теңге

Атауы	2005 жылғы жоспар	Бюджетке есептелгені
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторы ұйымдары-занды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы	79 827 320	302 795 790
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдары резидент заңды тұлғалардан алатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	3 686 310	8 853 367
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдары резидент емес заңды тұлғалардан алатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	23 531 000	58 168 038
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдарынан өндірілген шикізат тауарларына, көрсетілген қызметтерге қосылған құн салығы	0	0
Шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) алынатын бонустар	0	0

Шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) алынатын роялтилер	16 141 453	83 632 903
Жасалған келісім-шарттар бойынша шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) алынатын өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі	13 391 170	26 762 570
Республикалық бюджет бойынша жиыны	136 577 253	480 212 668

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 16 мамырдағы Заңымен шикізат секторы ұйымдарынан 136 577 253 мың теңге мөлшерінде түсетін кірістер түсімдерінің көлемі бекітілді.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық бюджеттің кіріс бөлігіне шикізат секторы ұйымдарынан іс жүзінде 480 212 669 мың теңге түсті, оның 343 635 415 мың теңгесі (жоспардан тыс түсімдер) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Ұлттық қорға есептелді.

## **2 . Қ о р д ы н ш ы ғ ы с т а р ы**

Қордың есебінен есепті кезеңде жалпы сомасы 724981 мың теңге Қорды басқаруға байланысты мынадай шығыстар төленді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысымен мақұлданған Сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес Қорды сенімгерлік басқарғаны үшін сыйақы түрінде Ұлттық Банкке 164 322 мың теңге аударылды;  
 кастодианның қызметтері үшін 82 018 мың теңге аударылды;  
 сыртқы басқарушыларға сыйақы ретінде 455 345 мың теңге аударылды;  
 сыртқы аудиттің 2004 жылғы қызметтері үшін 12 595 мың теңге аударылды;  
 "Barra International, Ltd" компаниясының ақпараттық қызметтері үшін 4703 мың теңге аударылды;

"The Yield Book Inc" компаниясының қызметтері үшін 5 998 мың теңге аударылды.

2006 жылдың басында жалпы сомасы 1 088 710 мың теңге мынадай шығыстар төлеуге есептелді:

Қорды сенімгерлік басқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне комиссиялық сыйақы - 83522 мың теңге;  
 кастодианның қызметтері - 69 935 мың теңге;  
 сыртқы басқарушылардың қызметтері - 914 705 мың теңге;  
 Қордың 2005 жылғы қызметі аудитінің қызметтері - 13 000 мың теңге;  
 бағдарламалық өнімдерді пайдалану қызметтері мен ақпараттық қызметтер - 7 548 мың теңге.